

**Ақмола облысы білім басқармасының
«Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, аграрлық-индустриялық колледж» МКҚК**

КЕЛІСІЛДІ

«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы

И. Наймушина

«29» 08 2025 ж.

БЕКІТЕМІН

Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, аграрлық-индустриялық колледж» МКҚК басшысы

А. Төлебаев

«29» 08 2025 ж.

ЖҰМЫС ОҚУ ЖОСПАРЫ

Мамандығы: 06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)

(коды және атауы)

Біліктілігі: 4S06120103 Деректер базасын басқару технигі

(коды және атауы)

Оқыту түрі: күндізгі, күндізгі

Білім беру бағдарламасын игеру мерзімі: 2025-2026 оқу жылы

**Жұмыс оқу жоспарына
ТҮСІНІКТЕМЕ ЖАЗБА**

Ммамандықтың коды мен атауы: 06120100 - Есептеу техникасы және ақпараттық желілер(түрлері бойынша)

Біліктіліктің коды мен атауы: 4S06120103 Деректер базасын әкімшілендіру бойынша техник

Оқу бағдарламасын меңгеру түрі – күндізгі.

Оқытудың нормативтік мерзімі: ТЖКБ негізінде 10 ай.

Білім беру бағдарламасының мақсаты: нарықты зерттеу, тауарлар мен қызметтерді жылжыту, қарқынды дамып келе жатқан экономика мен цифрлық орта жағдайында кәсіби міндеттерді тиімді шеше алатын маркетингтік стратегиялар мен коммуникацияларды әзірлеу саласында білікті мамандарды даярлау

Білім беру бағдарламасының көлемі: міндетті оқытуға – 60 кредит / 1440 сағат, факультативтер – 5 кредит / 120 сағат, консультациялар – 4 кредит / 96 сағат, барлығы 69 кредит / 1656 сағат.

1. Жұмыс оқу жоспарының нормативтік-құқықтық негізі

06120100 - Есептеу техникасы және ақпараттық желілер(түрлері бойынша) мамандық бойынша осы жұмыс оқу жоспары келесі құжаттар негізінде жасалды:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319-І Заңы;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарты министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік білім стандарты;
- Қазақстан Республикасы оқу-ағарту Министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламалары» (58-76 қосымшалар);
- 2025 жылғы 26 ақпандағы KZ80LAM00001087 мемлекеттік стандарты;
- «Деректер базасын әкімшілендіру» кәсіптік стандарты. Қазақстан Республикасы «Атамекен» Кәсіпкерлер палата Басқармасының төрағасының міндеттерін атқарушының 2022 жылғы 05 желтоқсмандағы № 222 бұйрығына № қосымша.

2. Жұмыс оқу жоспарының ерекшеліктері мен жаңартылуы.

Мамандықтың коды мен атауы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығына (жаңа редакцияда-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 8 сәуірдегі № 157 бұйрығымен) сәйкес көрсетілген.

Жұмыс оқу жоспары (бұдан әрі - ЖОЖЗ) оқу орны мен әлеуметтік әріптестер бекітетін оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оқытуды ұйымдастырудың жүйелілігін, қарқындылығын және негізгі нысандарын, білім алушылардың білімі мен іскерлігін бақылауды реттейді.

ЖОЖ оқытудың кредиттік-модульдік технологиясы негізінде әзірленген.

Міндетті оқытудың кредиттер саны ТЖКБ негізінде біліктілікті меңгеру үшін 60 кредитті құрайды. 1 кредит 24 академиялық сағатқа тең.

Міндетті оқытуға бөлінетін оқу уақытының көлемі аптасына 36 сағатты құрайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі аптасына 54 сағаттан аспайды (факультативтер мен консультацияларға оқу уақытын ескере отырып).

Оқытудың дуальді жүйесі қолданылатындықтан, ЖОЖ студенттердің өзіндік жұмысын көздемейді.

Зертханалық жұмыстарды, практикалық сабақтарды, оның ішінде дене шынықтыру және өндірістік оқыту бойынша тізбесі оқу жоспарына сәйкес айқындалатын шеберханаларда өткізу кезінде оқу топтары саны 13 адамнан аспайтын кіші топтарға бөлінеді.

Білім алушылардың жеке қабілеттерін дамыту және көмек көрсету үшін консультациялар мен факультативтік сабақтар қарастырылған.

Факультативтік пәндер теориялық оқыту кезеңіне аптасына 4 сағаттан аспайтын көлемде көзделген.

10 айлық оқытуға арналған консультациялар саны 96 сағатты құрайды.

Жұмыс жоспарында 6 кредит / 144 сағат көлемінде жалпыға міндетті модульдерді оқыту көзделген, оның ішінде:

1. Физикалық қасиеттерді дамыту және жетілдіру – 2 кредит / 48 сағат;
2. Қоғамда және еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылым негіздерін қолдану – 4 кредит/96 сағат;

Негізгі құзыреттер салауатты өмір салтын қалыптастыруға және физикалық қасиеттерді жетілдіруге, қоғамда және еңбек ұжымында әлеуметтену мен бейімделуге, патриотизм мен ұлттық сана сезімін дамытуға бағытталған.

Кәсіби модульдер Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының міндетін атқарушының 2022 жылғы 05 желтоқсандағы № 222 бұйрығының № 1 қосымшасына сәйкес «Деректер базасын әкімшілендіру» кәсіби стандартының талаптарына сәйкес жасалды.

Жұмыс оқу жоспары теориялық оқытумен қатар әлеуметтік серіктестер базасында өндірістік және кәсіптік практикадан өтуді көздейді. Өндірістік және кәсіптік практиканы өткізу мерзімдері әртүрлі жағдайлар мен өңірлік ерекшеліктерге, жұмыс берушілердің сұраныстарына байланысты ауыстырылуы мүмкін.

Біліктілік емтиханы әрбір жұмыс біліктілігін игергеннен кейін: ТжКБ ұйымдарының оқу-өндірістік шеберханаларында, зертханаларында және оқу орталықтарында және/немесе кәсіпорындардың өндірістік алаңдарында 4S06120103 «Деректер базасын әкімшілердіру бойынша техник» біліктілігі бойынша демонстрациялық емтихан түрінде өткізіледі

Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады (ҚР Білім және ғылым министрінің 28.08.2020 жылғы 28 тамыздағы № 373 бұйрығының редакциясында).

4S06120103 Деректер базасын әкімшілердіру бойынша техник біліктілігі бойынша келесі кәсіптік модульдерді оқыту көзделген:

КМ 01. Бағдарламалық жасақтаманы орнату және реттеу – кредит/72 сағат;

КМ 02. ДБ жұмыс істеуін қамтамасыз ету -8 кредит/288 сағат;

КМ 03. ДБ резервтік көшірмесін бақылау және басқару - 15 кредит/360 сағат;

КМ 04. МББЖ өнімділігін талдау және теңшеу - 20 кредит/480 сағат;

4S06120103 Деректер базасын әкімшілердіру бойынша техник біліктілігін оқуға барлығы 50 кредит / 1200 сағат көзделген.

Кәсіптік оқыту қаулы етуші, нормативтік және нұсқаулық құжаттарды ескере отырып жүргізіледі, оқу жоспарына сәйкес қаланың, ауданның кәсіпорындары мен ұйымдарында ұйымдастырылады, білім алушыларға өңірлік еңбек нарығының сұраныстарына және білім беруді жалғастыру мүмкіндіктеріне сәйкес түлектің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша құзыреттер, дағдылар мен білім алуға мүмкіндік береді. Білім алушылардың кәсіптік практикасын өткізу үшін база ретінде жарғылық қызметі мамандарды даярлау бейініне және білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін, кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыру үшін білікті кадрлары және материалдық-техникалық базасы бар ұйымдар айқындалады. Кәсіптік практика кезеңінде 18 жасқа толған және одан асқан білім

алушылар үшін оқу жүктемесін аптасына 40 сағатқа дейін ұлғайтуға жол беріледі.

Кәсіптік оқытуға көзделген сағаттардың жалпы көлемі 480 сағатты (20 кредитті) құрайды.

3. Оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптар: кәсіптік сипаттамада көрсетілген оқу элементтерін, қызметтің мазмұндық параметрлерін игеру мамандарды даярлау сапасын бағалаудағы негізгі параметрлер болып табылады.

4. Кәсіптің мақсаты: деректер базасын басқару жүйелерін орнатуды, баптауды, олардың жұмыс істеуін бақылауды, АҚ-ны қамтамасыз етуді, кәсіпорынның ДБ-нің резервтік көшірмесін басқаруды, ДБ серверінің(серверлерінің) ақауларға төзімділігін қамтамасыз ету бөлігінде кәсіпорын қызметінің саласын дамытуды қамтиды.

Түсіндірме жазба

Деректер базасын әкімшілердіру бойынша техник

«Компьютерлік инженерия және ақпараттық желілер» саласындағы мамандарды дайындаудағы негізгі пәндердің бірі болып табылады және студенттерде мәліметтер қорын басқару жүйелерін (ДКБЖ) орнату, конфигурациялау, жүргізу және оңтайландыру бойынша практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған .

Пәнді оқудың мақсаты – мәліметтер қорын тиімді басқаруды, қауіпсіздікті, сақтық көшірме жасауды, қалпына келтіруді және деректер қорының өнімділігін оңтайландыруды қамтамасыз ететін құзыреттерді дамыту.

Пәннің мақсаттары:

- казіргі ДКБЖ архитектурасымен танысу;
- ДКБЖ орнату және конфигурациялау принциптерін меңгеру;
- пайдаланушыларды басқару дағдыларын және қол жеткізу құқықтарын меңгеру;
- Деректердің сақтық көшірмесін жасау және қалпына келтіру процедураларын зерттеу;
- Мәліметтер қорының сенімділігі мен ақауларға төзімділігін қамтамасыз ету тұрғысынан оқыту деңгейін арттыру.

Пәнді оқу «Мәліметтер қоры», «Операциялық жүйелер», «Желілік технологиялар» курстарында алынған білімдерге негізделген.

Пән теориялық және практикалық сабақтарды, бақылау іс-шараларын, зертханалық жұмыстарды және өзіндік жұмыстарды қамтиды.

УАҚЫТ БЮДЖЕТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

Мамандығы: 06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)
 Біліктілік: 4S06120103 - Деректер базасын администрлеу жөніндегі техник

Курстар	Теориялық дайындық			Аралық аттестация	Теориялық	Өндірістік оқыту және кәсіби тәжірибе	Диплом дизайны (егер жоспарланса)	Қорытынды аттестация	Мерекелік күндер (апта)	Демалыс күндері (апта)	Оқу жылындағы жалпы апталар
	апта	сағат	несиелер								
I	40	1440	60	24	864	480	0	72	1	11	52
жалпы	40	1440	60	24	864	480	0	72	1	11	52

"Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, аграрлық-индустриялық колледж" МКҚК мамандар дайындау үшін
техникалық және кәсіптік білім берудің
2025-2026 оқу жылына арналған оқу-жұмыс жоспары

Білім беру деңгейінің коды мен атауы:

Мамандық: 06120100 - Есептеу техникасы және ақпараттық желілер(түрлері бойынша)

Біліктілік: 4S06120103 - Деректер базасын администрлеу жөніндегі техник

Индекс	Циклдардың, модульдердің/пәндердің атауы	оқу семестрі	Емтихандар/сынақтар	Оқу уақытының көлемі (сағат)							Аудиторлық сағат			
				Несиелерде	академиялық сағат	теориялық оқыту	Зерт.-тәжір.с.абакта	P	СО	ӨЖ	оқыту/кәсіп	СРС	I семестр	II семестр
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13		
ЖБП	Жалпы білім беретін пәндер			6	144	96	24	24		12	92	52		
ОГД 01	Дене шынықтыру	1		2	48	32	8	8		4	20	28		
СЭД 02.	Мәдениеттану	1		1	24	16	4	4		2	24	0		
СЭД 03.	Философия негіздері	1		1	24	16	4	4		2	24	0		
СЭД 04.	Саясаттану және әлеуметтану негіздері	1		1	24	16	4	4		2	24	0		
СЭД 05.	Құқық негіздері	2		1	24	16	4	4		2	24	0		
4S06120103 - Деректер базасын администрлеу жөніндегі техник														
ПМ 01.	БҚ орналастыру және реттеу			3	72	48	12	12		12	72	0		
РОО.01	БЖ (Бағдарламалық жасақтаманың) инсталляцияға дейінгі конфигурациясы.	1		1	24	16	4	4		4	24	0		
РОО.02	Жүйелік бағдарламалық жасақтаманы (БЖ) орнату	1		1	24	16	4	4		4	24	0		
РОО.03	Орнату кезінде кателер туындаған кезде шараларды қолдану (бағдарламалық жасақтама).	1		1	24	16	4	4		4	24	0		
ПМ 02.	БЖ жұмыс істеуін қамтамасыз ету.			12	288	172	58	58		72	288	0		
РОО.01	БЖ жұмыс қабілеттілігінің бойынша мониторингін жүзеге асыру. (Деректер базасын әкімгерлеу)	1		3	72	48	12	12		24	72	0		
РОО.02	ДБ пайдалану мониторингін жүзеге асыру. (Деректер базасын жобалау және әзірлеу) 72сағ	1		3	72	48	12	12		24	72	0		
РОО.03	ДБ бойынша пайдалану құжаттамасын жүргізу. (Деректер базасы технологияларының негіздері) 24сағ.	1		1	24	16	4	4		4	24	0		

РОО.04	ДБ жұмыс істеген кезде штаттан тыс жағдайлар туындаған кезде шаралар қабылдау. Деректер базасының қауіпсіздігі. -72 сағ. Деректер базасы технологияларының негіздері 48сағ.	1	5	120	60	30	30		44	120	0
ПМ 03.	ДБ резервтік көшірмесін бақылау және басқару.		15	360	130	48	38	144	84	160	200
РОО.01	Деректер базасының сақтық көшірмесін жасау және қалпына келтіру процедураларының орындалуын бақылау. (Деректер базасын жобалау және әзірлеу 120 ӨО 144)	2	11	264	70	30	20	144	64	120	144
РОО.02	ДБ резервтік көшіру және қалпына келтіру регламентін сақтау. (Деректер базасын жобалау және әзірлеу 96сағ).	2	4	96	60	18	18		20	40	56
ПМ 04.	ДББЖ өнімділігін талдау және басқару		20	480	104	16	24	336	180	0	480
РОО.01	ДББЖ жұмысына мониторинг жүргізу және статистикалық ақпарат жинау.Деректер базасы технологияларының негіздері 72	2	3	72	48	12	12	0	24	0	72
РОО.02	РО 02 Деректер базасын басқару жүйелерінің жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіруді жүзеге асыру және мәліметтер базасының тұтастығы, штаттан тыс жағдайлар туындаған жағдайда. (Деректер базасын әкімгерлеу)72с. ӨП 144. ӨП 192	2	17	408	56	4	12	336	156	0	408
	Аралық аттестаттау	2	1	24						0	24
	Қорытынды аттестаттау	2	3	72						0	72
	Міндетті оқыту жиыны		60	1440	550	158	156	480	360	612	828
	Өзіндік жұмыс		15	360							
	Факультативтер		5	120						60	60
	Консультациялар		4	96							96

